

# ЕҢБЕК АДАМЫНА – ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ

**ҚР Республика күні қарсаңында «КПО б.в. қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ салтанатты жиналысы өтті. Аталған шара «Жұмысшылар жылы – 2025», ҚР Кәсіподақтар күніне, Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысының 120 жылдығына және ҚР-ның Кәсіподақ федерациясының 35 жылдығына арналған.**

Мерекелік шараға ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары, «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сұлтан Қалиев, Батыс Қазақстан кәсіподақтар қауымдастығының төрайымы Айгүл Есекенова, аудан әкімінің міндетін атқарушы Алтай Тоғжанов, КПО б.в. еңбек ресурстары және сервистік қолдау бөлімінің директоры Сұлушаш Ізбасарова, КПО б.в. еңбек ресурстары басқармасының бөлім бастығы Максим Иванченков, КПО кәсіподақ комитетінің мүшелері, КПО кәсіподақ ұйымының нысан және бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, бригада капитандары, белсенділер және КПО кәсіподақ ұйымының құрметті ардагерлері қатысты.

Аталған шара ҚР Мемлекеттік Гимнімен басталып, КПО кәсіподақ ұйымының төрағасы Марс Хайруллиннің құттықтау сөзімен жалғасты.

– Біздің компания қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы (КИО, КПО) 1997 жылы құрылды. Кәсіподақтың құрылуының басында Төлеуғали Кеңесов болды. Кәсіподақ ұйымын құрудағы алғашқы қадамдар мен кәсіпорындағы кәсіподақ қозғалысының басталуы, Бірінші Ұжымдық шарт Төлеуғали Құшпанұлының есімімен және біздің КПО кәсіподақ ұйымының басқа да ардагерлерінің есімімен байланысты. Олар біздің кәсіподағымыздың негізін қалаған жандар. Біз оларды әрқашан еске алып отырамыз. Қазіргі уақытта осы жандардың бастаған істерін жалғастырып келеміз, – деп КПО кәсіподақ ұйымының төрағасы Марс Амантайұлы кәсіподақтың жетістіктері мен осы уақытқа дейінгі атқарған жұмыстары туралы айтып берді.

Шара барысында кеш қонақтары кәсіподақ мүшелерін мерекелерімен және алған марапаттарымен құттықтап сөз сөйледі.

– Кәсіподақтың біздің қоғамымызда орны бөлек. Себебі Қазақстанда кәсіподақ нағыз қарапайым жұмысшының мүддесін қорғайтын ұйым. Қазіргі уақытта Қазақстан кәсіподақ федерациясының құрамында екі миллионға жуық адам бар. Біздің салалық кәсіподақта қырық мыңнан астам мүше бар. Биыл кәсіподақ үшін ерекше жыл. Ең бастысы, қазақстандық кәсіподақ қозғалысына 120 жыл толып отыр. Екіншіден, кәсіподақ федерациясының 35 жылдығын атап өтіп отырмыз. Ал КПО-ның жергілікті кәсіподағы – компания қызметкерлерінің мүддесін лайықты қорғайтын ұйымдардың бірі. Мен бүгінгі шарада марапатқа ие болған жандарға атқарған адал еңбегі, Отанымыз бен өндірістің дамуына қосқан үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді, – деді «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасы Сұлтан Есімұлы.

КПО б.в. компаниясында марапатқа лайықты мамандар көп. Десе де, шара барысында кәсіподақ қозғалысына қатысқан, өнеркәсіпті дамытуға қосқан еңбектері үшін бірқатар компания қызметкерлері мен ардагерлерін марапаттау рәсімі өтті. Атап айтсақ, еңбек ардагері, 36 жыл мұнай-газ саласында қажырлы еңбек еткен Әлібек Абдулов ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің алғысхатымен марапатталды. Сондай-ақ Анастасия Таныгина, Александр Андрющенко, Қуаныш Арстанов, Эльдар Исеналиевтер аудан әкімінің алғысхатымен, Ғали Жұмағалиев ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, Абылай Мұрадымов ҚР Энергетика министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, Берік Мұхамбеталиев ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» медаліне ие болды.



Сонымен қатар Наталья Бибяева, Сарымбет Кайрлапов, Абат Сатыбалдиевтер ҚР Кәсіподақтар федерациясының «Еңбек озаты» медалімен, Евгений Сошников ҚР Кәсіподақтар федерациясының Құрмет грамотасымен, Жібек Абдрахманова, Нұрлан Дощанов, Тимур Жаналиев, Ғасмитулла Кунаров, Ақылбек Нурлин, Александр Овчинниковтер Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағының «Салалық кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

«Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамотасына ие болғандар қатарында Ерген Есқалиев, Ілияс Истилюпов, Алмат Каримбаев, Рашит Касимов, Мұрат Сабырғалиевтер бар. ҚР Кәсіподақтар федерациясының алғысхаты Абылхайыр Қазмағанбетов, Андиржан Сазанов, Жасқайрат Сыйқовтарға, ал КПО кәсіоподағының алғысхаты Айғаным Сугурбаева, Амангелді Мұхамбетқалиев, Сабырғали Зимовтарға табысталды. Сондай-ақ өнеркәсіп кәсіподағының белсенді ардагерлері Берік Ирғалиев, Исатай Дощанов, Қуаныш Тенизов, Абылхайыр Қазмағанбетов, Андиржан Сазанов, Жасқайрат Сыйқов, Амангелді Мұхамбетқалиев, Сабырғали Зимов, Аманбай Булековтер КПО кәсіподағының естелік сыйлықтарына ие болды.

Кәсіподақ – еңбек қатынастарын реттейтін, қарапайым еңбек адамының еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғап, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуші бірден-бір қоғамдық ұйым. Қарапайым еңбек адамына түсер қиындықты жеңілдетуде, еңбек заңдылықтарының сақталуын бақылауда, кәсіподақ мүшелеріне материалдық-моральдық қолдау көрсетуде кәсіподақтың атқарар қызметі көп.

«КПО б.в. қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ – әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, ұжымдық мәдениетті дамытуға және қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы сенімді арттыруға бағытталған сенімді ұйым.

**Айдана АБДРАХМАНОВА**



# ЧЕЛОВЕКУ ТРУДА – ДОСТОЙНУЮ ЖИЗНЬ

**В преддверии Дня Республики состоялось торжественное собрание ОО «Локальная Профсоюзная организация работников компании КПО б.в.», посвященное «Году рабочих профессий – 2025», Дню Профсоюзов РК, 120-летию профсоюзного движения Казахстана и 35-летию ФПРК.**

В мероприятии приняли участие заместитель председателя Федерации профсоюзов Республики Казахстан, председатель ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз нефтегазового комплекса» Султан Калиев, председатель Западно-Казахстанского объединения профсоюзов Айгуль Есекенова, исполняющий обязанности акима района Алтай Тукжанов, директор по трудовым ресурсам и сервисному обеспечению компании КПО б.в. Слушаш Избасарова, начальник отдела Департамента трудовых ресурсов КПО б.в. Максим Иванченков, члены профсоюзного комитета, председатели объектовых, первичных профсоюзных организаций, капитаны команд, активисты и уважаемые ветераны профсоюза КПО.

С торжественной речью выступил председатель профсоюза КПО Марс Хайруллин. Он рассказал о достижениях и результативной работе профсоюза.

– Наша профсоюзная организация работников компании (КИО, КПО) была создана в 1997 году. У истоков создания стоял Толеугали Кушпанович Кенесов. Первые шаги создания профсоюзной организации и начало профсоюзного движения в компании, Первый Коллективный договор связаны с его именем и с имена других героев-ветеранов нашего профсоюза КПО. Они заложили фундамент и основу нашего Профсоюза. Мы помним их и продолжаем начатое ими дело, – поделился Марс Хайруллин.

Затем слово для поздравлений было предоставлено гостям. Председатель ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз нефтегазового комплекса» Султан Калиев в своей речи подчеркнул особую значимость данного мероприятия.

– Уважаемые коллеги, дорогие друзья, мы сегодня присутствуем на очень важном торжественном мероприятии Локального профсоюза КПО б.в. Этот год у нас очень знаменателен. В этом году профсоюзы по всей стране отмечают важные в нашей истории даты – 120-летие профсоюзного движения в Казахстане, 35-летие ФПРК, все это происходит в объявленный Президентом страны «Год рабочих профессий – 2025». Хочу выразить огромную благодарность, прежде всего старшему поколению, которые заложили фундамент профсоюзному движению, – сказал он. – Профсоюзы всегда были с народом, отстаивали интересы трудящихся. И Локальный профсоюз КПО один из тех, кто достойно защищает интересы работников компании. Сегодняшние трудовые достижения этой компании – это плод взаимодействия руководства с профсоюзом.





В ходе мероприятия состоялось торжественное вручение наград за мужественный труд, за участие в профсоюзном движении, за вклад в развитие Карачаганака.

Благодарственное письмо Премьер-Министра Республики Казахстан получил Алибек Абдулов. Благодарственные письма акима района были вручены Анастасии Таныгиной, Александру Андрющенко, Куанышу Арстанову, Эльдару Исеналиеву.

Медалью Министерства энергетики РК «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» был награжден Ғали Жумагалиев; медалью Министерства энергетики РК «Еңбек ардагері» – Абылай Мурадимов; нагрудным знаком Министерства энергетики РК «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» – Берік Мухамбеталиев; медалями Федерации Профсоюзов РК «Еңбек озаты» – Наталья Бибяева, Сарымбет Кайрлапов и Абат Сатыбалдиев.

Почетную грамоту ФПРК получил Евгений Сошников. Медалями Казахстанского профсоюза нефтегазового комплекса «Салалық кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» наградили Жибек Абдрахманову, Нурлана Дощанова, Тимура Жаналиева, Ғасмитуллу Кунарова, Акылбека Нурллина и Александра Овчинникова.

Почетной грамотой Казахстанского профсоюза нефтегазового комплекса отмечены Ерген Ескалиев, Илияс Истилюпов, Алмат Каримбаев, Рашит Кисимов, Мурат Сабиргалиев. Благодарственное письмо Федерации профсоюзов РК получили Абылхайыр Казмаганбетов, Андиржан Сазанов, Жаскайрат Сыйков; благодарственное письмо Профсоюза КПО – Айганым Сугурбаева, Амангельды Мухамбеткалиев, Сабыргали Зимов.

А также памятными подарками профсоюза КПО были поощрены: Берик Иргалиев (кавалер ордена «Құрмет»), Исатай Дощанов (кавалер ордена «Еңбек Даңқы»), Куаныш Тенизов (кавалер медали «Ерен еңбегі үшін»), заслуженные ветераны и активисты Профсоюза КПО Абылхайыр Казмаганбетов, Андиржан Сазанов, Жаскайрат Сыйков, Амангельды Мухамбеткалиев, Сабыргали Зимов, Аманбай Булеков.

Профсоюзы играют важную роль в обеспечении социальной стабильности трудовых коллективов, защите трудовых прав, интересов работников, создании безопасных и достойных условий труда.

Деятельность ОО «Локальная профсоюзная организация работников компании КПО б.в.» – это надежная поддержка, направленная на укрепление социальной справедливости, развитие корпоративной культуры и повышение доверия между работниками и работодателем.

**Жанаргуль БАЙГАНАТОВА**